

# Қазақтың ұлттық қолөнері

Білезік. Алқа. Сақина.





**Қазақ қолөнері** – қолданбалы-безендіру өнерінің дәстүрлі ұлттық саласы. Тарихын тереңнен алған Қ. қ. дәстүр сабақтастығын үзбеген, рухани мәні мен мәдени құндылығын жоймаған. Қазақстан жерінде асыл тастан, сүйектен, жүннен, ағаштан, қыштан, құнды металдан, былғарыдан, саздан – қару-жарақ, құрал-сайман, үй жиһазы, т.б. тұрмысқа қажетті тұтыну бұйымдарын, түрлі сәндік қолөнер туындыларын жасаумен қатар, оларды өздерінің дүниетанымына, эстет. талғамына сай әшекейлеп, безендіру ерте замандардан дамыған





Қарағанды обл-нда Беғазы бейітінен табылған қыш сауыттар (б.з.б. 10 – 8 ғ.), атақты Қарғалы алтын тәтісі (диадема) мен сырғалар (б.з.б. 2 ғ. мен б.з. 2 ғ.), т.б. көне дүниелер – шебер мүсінделген өнер туындылары. Айша-Бибі, Ахмет Иасауи кесенелерінен, Бабажы қатын күмбезінен қазақ халқының атадан балаға мұра боп келе жатқан ою-өрнек, әшекей түрлерінің бәрін ұшыратуға болады. Ағаш ұсталары сан алуан сүйектен ою-өрнек салынған үй жиһазын, ыдыс-аяқ әзірлеуде асқан шеберлік көрсетті.



Алматы обл-ның Есік обасынан табылған (б.з.б. 6 – 5 ғ.) сак жауынгері киімі (“Алтын адам”) алтын қаптырмалармен және хайуандардың күйма бейнесімен безендірілді. Қазақ қолөнері өзінің ғасырлар бойғы мұраларын жан-жақты игеріп, көршілес халықтар мәдениетінің озық үлгілерін бойына сіңіріп, үнемі жаңарып, үздіксіз дамытылып отырды. Сауда-саттықтың дамуына, қалалардың өркендеуіне, қала мен ауылдың айырмашылығының азаюына байланысты қолөнердің кейбір дәстүрлі түрлері (теріні, сүйекті, ағашты, кейбір металдың түрлерін көркем өңдеу) қолданудан шығып қалды. Алайда матадан, киізден жасалған түс кілемдер, басқұрлар, тұскиіздер, т.б. киіз үйдің сәндік жасаулары бұрынғыша дами берді. 20 ғ-дың басында Қазақ қолөнеріне деген сұраныстың оның дамуына зор ықпал етті.





Қазақ қолөнерінің бұл түрінен талантты ісмерлер Л.Қ.Қожықова, З.Ахметжанова, Г.Зәуірбекова, К. Ыстыбаева, Н.Тайманова, М. Есілбаева, т.б. жасаған бұйымдар ерекше көзге түседі. Сүлгі, перде, төсек жапқыштарды кестелеуде қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерімен бірге сюжетті суреттерді пайдалану қатар қолданылды. 1973 ж. Алматы көркемсурет училищесінен қолөнер бөлімі ашылды, 1978 ж. Алматы театр-көркемсурет институтының сән және қолданбалы өнер кафедрасы құрылды.





# Білезік.

**Білезік**— **білекке**— білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. Білезік сөзінің түп-төркіні білек және **жүзік**— білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. Білезік сөзінің түп-төркіні білек және жүзік (білекжүзік — білежүзік — білеүзік — білезік) сөзінен туындаса керек. Білезік қымбат металдардан жасалады. Білезіктің көлемі, пішіні, әшекейі әр алуан болады. Оған асыл тастардан көз орнатылады, алтын не күміс жалатып, лажылап, эмаль бағдарлап та соғады. Арзан білезіктерді мысалы, **копа**— білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. Білезік сөзінің түп-төркіні білек және жүзік (білекжүзік — білежүзік — білеүзік — білезік) сөзінен туындаса керек



Оның құйма білезік, қос білезік, қуыс білезік

бұйым білезік, жұлдыз білезік, азы білезік, шұңқыр білезік, ебіетік білезік



# Қолдың сәні – білезік

---

Білезік – әйелдер күнделікті тастамай тағып жүретін ең сүйікті әшекейлерінің бірі, онсыз олар өзін нашар сезінетін болған. Әдетте жұп білезік салады, кейде екі қолына қос-қостан білезік таққан. Білезіктің жуандығы әртүрлі болады, екі басы түйістіріп жасалатын *жұмыр білезік*, жуан алтын, күміс сымдардан өріп құрастырылған *өрме білезік*, шілтерлеп жасалған *селдір білезік*, тастар орнатылған *тасты білезік*, сағат түріндегі жалпақ сағат білезік деген түрлері кездеседі. Мұнымен қоса, білезіктердің атауы кейде жасалу тәсілін де білдірген. Мәселен, күміс бетіне қара ою жүргізу әдісімен жасалған білезікті *қарала білезік* немесе *кавказ білезік* дейді. Нәзік тоқылған шынжырлар арқылы үзбеге бекітілген сақиналары бар түрлері – *сақиналы білезік*, *бес білезік*, *шынжырлы білезіктер* көрген жанды тамсандырады. Зергер қолынан шыққан мұндай бірегей туындылар қыз-келіншектердің білегіне жарасып тұрады. Бұл секілді білезіктер түркмендерде, Дағыстан, Үндістан халықтарында кездеседі. Сонымен қатар жалпақ екі қабатты білезік те болған.



